



**Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 желтоқсан N 1673.  
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес орталық аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 66 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ құрамында 9 адамы бар алқа ұстауға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік

комитетінің орталық аппаратына қызметтік 4 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1800 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1673 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі  
мемлекеттік комитеті орталық аппаратының  
құрылымы туралы

Басшылық

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету секторы

Жеке жобалар бойынша жекешелендіру басқармасы

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендіру  
басқармасы

Акционерлік қоғамдары жекешелендіру басқармасы

Ұйымдастыру-кадр жұмысы басқармасы

Ақша қаражатын бақылау және бөлу жөніндегі бөлім

Ақпараттық-талдау бөлімі

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру бөлімі